

Жоғары сапа және білім берудегі көшбасшылық



БАСТАУЫШ МЕКТЕПТІҢ ПӘНДЕРІ БОЙЫНША ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ ТУРАЛЫ



МАЗМҰНЫ

03 / Кіріспе

04 / Оқыту әдіс-тәсілдері

05 / Пәндердің мазмұны

05 / «Сауат ашу»

07 / «Қазақ тілі»

09 / «Русский язык»

11 / «Әдебиеттік оқу»

13 / «Қазақ тілі» (оқыту қазақ тілінде емес мектептер үшін)

15 / «Русский язык» (для школ с нерусским языком обучения)

17 / «Ағылшын тілі»

19 / «Математика»

21 / «Жаратылыстану»

23 / «Дүниетану»

25 / «Көркем еңбек»

27 / «Дене шынықтыру»

29 / «Музыка»

31 / «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар»

32 / Оқу бағдарламаларын жүзеге асыруда қолданылатын құжаттар

Білім беру мазмұнын жаңарту

білім беру мазмұнын жаңарту білім берудің қазіргі заманғы үрдістерін және қазақстандық білім берудің үздік практикасын кіріктіруге бағытталған. Білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде қазақстандық педагог-практиктердің және ғалымдардың ұсыныстары ескерілді.

Кең ауқымды дағдылар

бастауыш білім беру мақсаты - келесі негізгі кең ауқымды дағдыларға:

- ✓ білімдерді функционалдық және шығармашылық қолдану;
 - ✓ сыни ойлау;
 - ✓ зерттеу жұмыстарын жүргізу;
 - ✓ ақпараттық-коммуникативтік дағдыларды пайдалану;
 - ✓ әр түрлі коммуникация тәсілдерін пайдалану;
 - ✓ топта және жеке жұмыс істеу ептілігі;
 - ✓ проблемаларды шешу және шешімдер қабылдау
- ие оқушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігін құру.

Педагогикалық әдіс-тәсілдер

- ✓ құндылықты-бағдарланған;
- ✓ әрекетті;
- ✓ тұлғалық-бағдарланған;
- ✓ кіріктірілмелі;
- ✓ коммуникативті

әдіс-тәсілдер пән бойынша оқу бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын құрудағы негізгі бағдарлар болып табылады.

АКТ қолдану

оқушылар барлық пәндерді оқу кезінде АКТ қолдану дағдыларын дамытады. Ақпаратты іздеу және өңдеу барысында ұжымда идеялармен алмасады, өз жұмыстарын бағалайды және жетілдіреді, түрлі жабдықтар пен қосымшалардың кең ауқымын пайдаланады. АКТ оқушы білімінің, оларды тиімді қолдану бойынша дағдыларының дамуына жәрдемдеседі.

Оқу мақсаттарының жүйесі

оқу бағдарламаларында оқу мақсаттарының жүйесі түрінде берілген күтілетін нәтижелер тұжырымдалған. Күнделікті білім беру үдерісі оқу мақсаттарына жетуге және оқушыларда алынған білім мен дағдыларды кез келген оқу және өмір жағдайында шығармашылық пайдалануға дайындығын қалыптастыруға бағдарланған.

Құндылықты-бағдарланған

тәсіл оқушының құндылықтар жүйесін қалыптастырушы оқу-тәрбиелік үдерістің сәйкесінше формалары арқылы тұлғаның өзін-өзі танытуы үшін алғышарттар құруды көздейді.

Орта білім беру құндылықтары: қазақстандық отансүйгіштік және азаматтық жауапкершілік; құрмет; ынтымақтастық; еңбек және шығармашылық; ашықтық; өмір бойы білім алу.

Тұлғалық-бағдарланған

тәсіл педагогтің назарын оқушы тұлғасының тұтастығына, оның тек ақыл-ойы, азаматтық жауапкершілік сезімінің ғана емес, сондай-ақ эмоционалдық, эстетикалық, шығармашылық нышандары мен даму мүмкіндіктерімен қоса рухани дамуы туралы қамқорлыққа шоғырландыруды көздейді.

Жүйелік-әрекетті

тәсіл оқу-тәрбие үдерісінде оқушының өз бетінше білім алуына бағытталып, осы мақсатта мұғалімнің тиімді іс-әрекеттің түрлі формаларын қолдануын көздейді.

Коммуникативтік

тәсіл бірінші кезекте оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамытуға, қарастырып отырған мәтін, қатысып отырған әңгіме мазмұнын түсініп, туындаған жағдаятқа сәйкес тілді қолданып үйренуге бағытталған.


Интегративтік

тәсіл оқу үдерісін жобалау және өткізу кезінде әр түрлі оқу пәндерінің мазмұнын өзара кіріктіру есебінен оқушыда әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға жәрдемдеседі.

бастауыш білім беру мазмұнына ортақ тақырыптарды енгізу әр түрлі пәндік салалардан білімдерді кіріктіруге және сол арқылы алынатын білімдердің функционалдығына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Зерттеу

тәсілі зерттеушілік әрекет дағдыларын дамытуға, ғылыми таным әдістерімен танысуға жәрдемдеседі, оқушыларда танымдық қызығушылық қалыптастырады.



«САУАТ АШУ»

«Сауат ашу» пәні бойынша оқу бағдарламасы «Қазақ тілі», «Әдебиеттік оқу» пәндері бойынша оқу бағдарламаларының құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл курс оқушылардың тілдік, әрі әдеби білім алуының дайындық кезеңі бола отыра, осы салада барлық кейінгі алынатын білім мен қалыптастырылатын дағдылардың негізін қалайды.

Бағдарламаның мақсаты

айтылым, тыңдалым, жазылым және оқылым дағдыларын қалыптастыру үдерісі арқылы оқушылардың функционалды сауаттылығының негізін қалап, білім алуға ынталы жеке тұлғаның дамуына мүмкіндік жасау.

Бөлімдер	Бөлімшелер
Тыңдалым және айтылым	- негізгі сөйлеу бірліктерін түсіну; - тыңдалған материалдың тақырыбын және негізгі ойын анықтау; - тыңдалған материалды айтып беру; - оқиғаларды болжау; - сөйлеу нормаларын сақтап, әр түрлі қарым-қатынас жағдайларына қатысу; - мерекелер.
Оқылым	- оқу түрлерін пайдалану; - оқылған мәтіннің тақырыбын және негізгі ойын анықтау; - мәтіннің құрылымдық бөліктерін анықтау; - мәтіндегі лексикалық және синтаксистік бірліктердің рөлін түсіну; - сұрақтар мен жауаптарды тұжырымдау.
Жазылым	- мәтін жоспарын құру; - тыңдалған/оқылған материалдың мазмұнын баяндау; - әр түрлі ұсыну формаларын пайдаланып, мәтін құру; - әр түрлі жанрлардағы мәтіндерді шығармашыл тұрғыдан жазу; - жұмыста қателерді табу және түзету.

Әліпбиге дейінгі кезеңнің міндеттері:

- фонематикалық естуді дамыту;
- дыбыс, буын, екпін, сөз, сөйлем, сөйлеу туралы бастапқы түсінікті қалыптастыру;
- сөйлемнің басы бас әріппен жазылатыны, сөйлемнің соңында нүкте, сұрау, леп белгілері қойылатыны туралы түсінік қалыптастыру;
- екпінді/екпінсіз дауысты дыбыстар, ұяң/тұйық, жіңішке/қатаң дауыссыздар туралы түсінік қалыптастыру;
- сызба-үлгілерді пайдаланып сөздердің дыбыстық талдауын жүргізу, сөздерді буындарға бөлу, сөзде екпін түсетін буынды табу ептілігін қалыптастыру;
- қолдың ұсақ моторикасын дамыту (бояу, сурет салу, әр түрлі бағыттарда түзу сықытар салу, жиегін айналдыра сызу, әріп элементтерін жазу);
- ойлауды, жадыны, қиялды, қабылдауды, назарды дамыту.

Әліпбилік кезеңнің міндеттері:

- фонематикалық естуді дамыту; дыбыстық талдау және жинақтау дағдыларын жетілдіру;
- әліпби әріптерінің қызметтерін меңгеру;
- оқулық мәтіндерінің материалына дұрыс, баяу буындық оқуды қалыптастыру;
- орфографиялық және орфоэпиялық оқуды меңгеру;
- әріптерді, буындарды, сөздерді, сөйлемдерді жазу кезінде көркем жазу дағдыларын қалыптастыру;
- ауызша және жазбаша сөйлеуді дамыту.

Әліпбилік кезеңнен кейінгі міндеттер:

- біртіндеп тұтас сөздермен оқуға өту, «өзінен» оқу ептілігін қалыптастыру;
- байланыстырып сөйлеуді дамыту (қайта айту, әңгімелеу және т.б.);
- көркем жазу нормаларына сәйкес жазылым дағдыларын дамыту.

«Қазақ тілі» пәні бастауыш сынып оқушыларының таным кеңістігін ана тілі арқылы кеңейте отырып, өз елінің тарихы мен рухани-мәдени мұраларын құрметтеуге, өз Отанын мақтан етіп, халқына қызмет етуге ынталандырады.

«Қазақ тілі» пәні бастауыш мектепте гуманитарлық білім берудің бастапқы кезеңі болып табылады: оқушылардың дүниетанымы мен ұлттық болмысын қалыптастыру үшін ана тілінің мүмкіндіктері мен сөз өнерінің әлеуеттерін терең меңгеруіне көмектеседі.

Бағдарламаның мақсаты


қазақ тілінің құрылымы, қызметі, әдеби тілдің негізгі нормалары (орфоэпиялық, орфографиялық, лексикалық және грамматикалық) және сөйлеу мәдениеті туралы **білім негіздерін қалыптастыра отырып**, қоғамдық-әлеуметтік ортада тілдік қатынасты жүзеге асыра алатын дара тұлғаны **дамытуға мүмкіндік жасау**

Бөлімдер	Бөлімшелер
Тыңдалым және айтылым	- тыңдаған материалдың мазмұнын түсіну; - мәтіннің мазмұнын болжау; - түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларды дұрыс қолдану; - берілген тақырып бойынша әңгіме құрау; - тыңдаған материалдар бойынша өз пікірін білдіру; - тыңдарманның назарын аудару; - дыбыстарды, сөздерді орфоэпиялық нормаға сәйкес дұрыс айту.
Оқылым	- мәтін түрлері мен құрылымдық бөліктерін анықтау; - мәтіндегі лексикалық бірліктердің қолданылуын түсіну; - мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру; - мәтіннің тақырыбын және негізгі ойды анықтау; - түрлі дереккөздерден ақпарат алу; - мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау.
Жазылым	- түрлі стильде мәтін жазу; - оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жазба жұмыстар жазу; - жазба жұмыстарын әр түрлі формада ұсыну; - қатені табу және түзету; - каллиграфиялық нормаларды сақтау; - пунктуациялық нормаларды сақтау.
Тілдік нормалардың қолданысы	- орфографиялық және орфоэпиялық нормаларды сақтау; - грамматикалық нормаларды сақтау.

Қазақ тілі» пәнін оқытудың міндеттері:

- шығармашылықпен жұмыс істеуге, сын тұрғысынан ойлауға дағдыландыру;
- қазақша сөздік қорын үздіксіз дамыту әдістерін меңгерту;
- қазақша сауатты сөйлеу дағдыларын қалыптастыру;
- сөз тіркестерін және жай сөйлемдер құру, сол сияқты айтылым дағдылары негізінде қазақша ойлау дағдыларын қалыптастыру;
- тұрмыста, қоғамдық орындарда, мәдени орталарда қазақ тілінде қарым-қатынас жасау қабілеттері мен дағдыларын дамыту;
- қазақ тілінде меңгерген білім, білік дағдыларына сүйене отырып, өзгелермен еркін қарым-қатынасқа түсуге үйрету;
- қазақ тілінің саяси-әлеуметтік әлеуетін ұғындыру;
- тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын дамыту.

«Берілген тақырып бойынша әңгіме құрастыру» дағдысы үлгісінің негізінде сыныптан сыныпқа оқу мақсаттарының күрделенуі:



Предмет «Русский язык» - важнейший компонент школьной программы, поскольку является не только объектом изучения, отдельным учебным предметом, но и средством обучения другим школьным предметам, так как язык – ключ к познанию, образованности, развитию интеллекта. Изучение предмета «Русский язык» должно содействовать становлению духовно богатой личности, которая умеет самостоятельно учиться и ориентироваться в информационном потоке.

Цель программы

заложить основу формирования функциональной грамотности, обеспечить развитие всех видов речевой деятельности: слушания, говорения, чтения, письма как показателей общей культуры человека.

Разделы	Подразделы
Слушание и говорение	- понимание содержания информации; - определение темы и основной мысли информации; - прогнозирование событий; - участие в диалоге, соблюдая речевые нормы в зависимости от ситуации общения; - соблюдение орфоэпических норм.
Чтение	- выявление структурных частей текста; - понимание роли лексических и синтаксических единиц в тексте; - формулирование вопросов и ответов; - определение типов и стилей текстов; - извлечение необходимой информации из различных источников; - сравнительный анализ текстов.
Письмо	- создание текстов разных типов и стилей; - создание текста по плану и опорным словам - изложение содержания прослушанного/прочитанного; - написание текстов разных типов и стилей с использованием различных форм представления; - нахождение и исправление ошибок в работе; - соблюдение каллиграфических/орфографических/грамматических/пунктуационных норм.

Задачами программы по предмету «Русский язык» являются:

- формировать лингвистическое отношение к единицам языка;
- развивать умение анализировать, сравнивать, обобщать, систематизировать информацию через овладение аналитико-синтетической деятельностью в процессе изучения языковых явлений;
- формировать умение сознательно пользоваться предложением для выражения своих мыслей;
- формировать продуктивную речевую деятельность через обогащение и активизацию словарного запаса, развитие речевой культуры и культуры общения;
- формировать умение планировать, контролировать и оценивать учебные действия в процессе решения фонетических, лексических, грамматических, орфографических задач; определять наиболее эффективные способы достижения результата;
- развивать творческие способности через формирование познавательного интереса и стремления совершенствовать свою речь;
- развивать интерес и любовь к родному языку через освоение окружающего мира и явлений окружающей действительности;
- развивать коммуникативные умения и навыки через умение слушать и слышать собеседника, готовность вести диалог и признавать возможность существования различных точек зрения, высказывать свою позицию, обосновывая ее в соответствии с языковыми нормами;
- приобретение и систематизация знаний о языке как основы речевой деятельности;
- формирование и развитие видов речевой деятельности (слушание, говорение, чтение и письмо) как навыков функциональной грамотности во взаимосвязи, навыков выбора средств языка в соответствии с целями, задачами и условиями общения;
- приобщение к культурному наследию народов Республики Казахстан;
- воспитание у учащихся уважения и внимания к мыслям и чувствам своих одноклассников;
- становление гуманистического мировоззрения, формирование интеллекта и духовного мира учащихся, приобщение их к национальным и общечеловеческим ценностям, основанным на национальной идее «Мәңгілік ел».

Наращивание целей обучения из класса в класс на примере навыка **«Понимание содержания информации»** речевой деятельности «Слушание и говорение»:

2 класс

создавать небольшие тексты (рассказ) на основе особенностей художественного стиля

3 класс

создавать тексты публицистического и делового стиля на основе их особенностей (заметка, справка, объявление)

4 класс

создавать тексты научного, публицистического и делового стилей на основе их особенностей (инструкция, интервью, реклама, заявление, объяснительная)

«Әдебиеттік оқу» пәні – бастауыш сынып оқушыларының оқырмандық және тілдік дағдыларын қалыптастыруға, олардың адамгершілік және әдеби-эстетикалық құндылықтар жөнінде түсініктерін кеңейтуге, сөйлеу мәдениетін қалыптастырып, сөз өнерін сезінуге, көркем шығарманы оқуға деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік беретін негізгі пәндердің бірі.

Бағдарламаның мақсаты

бастауыш сынып оқушыларының көркем шығарманы сезіммен қабылдауы, түсінуі, санасында қайта жаңғырта алуы және шығармадан қабылдағанын өзінің шығармашылық әрекетінде жүзеге асыруға ұмтылуы арқылы функционалдық сауаттылығын қалыптастыру.

Ерекшеліктері


қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілерін талдай отырып, ұлттық және жалпы адамзаттық рухани құндылықтарды тануға;
көркем шығармадағы тілдік қолданыс ерекшеліктеріне жіті бақылау және кең талдау жасай отырып, оқушы тілдік құралдарды саналы түрде дұрыс таңдауға және өмірлік тәжірибесінде қолдануға;
алған білімі мен дағдыларын өзінің өмірлік және басқа адамдармен қарым-қатынас тәжірибесінде қолдануға ықпал етеді.

Бөлімдер	Бөлімшелер
Тыңдалым және айтылым	- шығарманың мазмұнын түсіну; - шығарманы мазмұндау; - шығармадағы оқиғаны болжау; - тыңдарманның назарын аударту; - тыңдалған шығарма бойынша пікір білдіру.
Оқылым	- оқу түрлерін қолдану; - шығарма мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру; - шығарманың тақырыбы мен негізгі ойын анықтау; - әдеби шығарманың жанрын анықтау; - шығарманың композициясын анықтау; - кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалау; - әдеби көркемдеуіш құралдардың қолданысын анықтау; - көркем шығарма элементтерін салыстыру; - түрлі дереккөздерден ақпарат алу.
Жазылым	- шығарманың жоспарын құру; - түрлі жанр бойынша шығармашылық жұмыстар жазу; - шығармашылық жұмыстарды түрлі формада ұсыну; - қатені табу және түзету.

Әдебиеттік оқу пәнінің міндеттері:

- Қазақ халқының рухани қазынасымен танысып бастау және оны келешек ұрпаққа жеткізу жауапкершілігін қалыптастыру
- Ұлттық салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымызды қадір тұтуға, ата-ананы сыйлауға, Отанын, елін-жерін сүйуге бағыттау
- Адамдардың өзара түсінісуі, сыйластық, құрмет сезімдері, адамгершілік қасиеттері, өзінің және өзгенің іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарай білуі сияқты ізгі қасиеттерді қалыптастыру
- Оқылым сапасын (қатесіз, мәнерлеп, болжап, шығармашылық, саналы) жетілдіру, оқырмандық қызығушылығын арттыру
- Көркем-танымдық сипаттағы мәтіндерді өз мақсатына сай іріктеп, саралап, талдап оқуға және ой қорытындысын жасауға үйрету
- Әдеби шығармалар арқылы оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту

«Шығарманың мазмұнын түсіну» дағдысы үлгісінің негізінде сыныптан сыныпқа оқу мақсаттарының күрделенуі:



«Қазақ тілі» пәніне арналған бағдарламаның негізгі ұстанымы бастауыш сынып оқушыларына қазақ тілін мәдениетаралық қарым-қатынас құралы ретінде меңгерту, оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын қалыптастыру, олардың тұрмыста, қоғамдық орында, мәдени орталарда тілдік шектеуді сезінбей, өзін еркін ұстауына мүмкіндік туғызу болып табылады.

«Қазақ тілі» пәнін оқу арқылы оқушылар сөздік қоры мен тілдік сауаттылығын дамытып, қазақ халқы мен мемлекеттік тілге деген құрмет сезімін қалыптастырады, қызығушылықтарын арттырады.

Бағдарламаның мақсаты

оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту, қазақ тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, тіл нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету.

Бөлімдер	Бөлімшелер
Тыңдалым	- тыңдалым тәсілдерін қолдану; - сөздің лексикалық мағынасын түсіну; - тыңдаған мәтіннің мазмұнын түсіну; - мәтіндегі негізгі, қосалқы ақпараттарды түсіну; - тыңдау-көру материалдарының мазмұнын түсіну.
Айтылым	- сөздік қорды толықтыру; - берілген тақырып бойынша ойын жеткізу; - түрлі жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсу (диалог) және тілдік нормаларды қолдану; - оқыған/тыңдаған материалды мазмұндау; - тыңдау-көру материалдары негізінде сөйлем құрастыру; - оқыған/тыңдаған материал бойынша өз көзқарасын білдіру.
Оқылым	- оқу түрлерін қолдану; - мәтіннің мазмұнын түсіну; - мәтіннің жанры мен түрін анықтау; - сұрақтар қоя білу және жауап беру; - түрлі дереккөздерден қажетті ақпарат алу.
Жазылым	- кейіпкердің атынан мәтін құрастырып жазу; - тыңдаған/оқыған материалдың мазмұнын жазу; - пунктуациялық нормаларды сақтау; - каллиграфиялық нормаларды сақтау.
Тілдік нормаларды қолдану	- грамматикалық нормаларды сақтау; - орфоэпиялық және орфографиялық нормаларды сақтау.

«Қазақ тілі» пәнін оқытудың міндеттері:

- шығармашылықпен жұмыс істеуге, сын тұрғысынан ойлауға дағдыландыру;
- қазақша сөздік қорын үздіксіз дамыту әдістерін меңгерту;
- қазақша сауатты сөйлеу дағдыларын қалыптастыру;
- сөз тіркестерін және жай сөйлемдер құру, сол сияқты айтылым дағдылары негізінде қазақша ойлау дағдыларын қалыптастыру;
- тұрмыста, қоғамдық орындарда, мәдени орталарда қазақ тілінде қарым-қатынас жасау қабілеттері мен дағдыларын дамыту;
- қазақ тілінде меңгерген білім, білік дағдыларына сүйене отырып, өзгелермен еркін қарым-қатынасқа түсуге үйрету;
- қазақ тілінің саяси-әлеуметтік әлеуетін ұғындыру;
- тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын дамыту.

«Мәтіндегі негізгі, қосалқы ақпараттарды түсіну» дағдысы үлгісінің негізінде сыныптан сыныпқа оқу мақсаттарының күрделенуі:



программа по предмету «Русский язык» способствует становлению мировоззрения учащихся, формирует и развивает основы коммуникативных навыков, дает возможность пользоваться информацией социально-бытовой, научно-популярной, художественно-эстетической сфер общения, помогает ориентироваться в различных ситуациях общения. Содержание Программы помогает учащимся изучать народные традиции и обычаи, воспитывает толерантное отношение к другим народам, формирует представление об универсальных общечеловеческих ценностях.

Цель программы


формирование навыков слушания, говорения, чтения и письма в соответствии с правилами речевого этикета и нормами употребления языковых единиц в речевой деятельности, ориентированной на ситуацию общения.

Разделы	Подразделы
Слушание	- использование приемов слушания; - понимание лексического значения слов и словосочетаний; - понимание содержания прослушанного материала; - определение главной и второстепенной информации; - понимание аудиовизуального материала.
Говорение	- пополнение словарного запаса; - построение высказывания на заданную тему; - участие в различных ситуациях общения; - пересказ прослушанного/прочитанного материала; - построение высказывания на основе аудиовизуального материала; - высказывание оценочного суждения о прочитанном/прослушанном материале.
Чтение	- использование видов чтения; - понимание содержания текста; - определение жанров и типов текста; - формулирование вопросов и ответов; - извлечение информации из различных источников.
Письмо	- написание текстов с использованием различных форм представлений; - изложение содержания материала; - соблюдение пунктуационных/каллиграфических норм.
Употребление языковых норм	- соблюдение грамматических норм; - соблюдение орфографических норм.

Задачами программы по предмету «Русский язык» являются:

- развивать навыки слушания, говорения, чтения, письма, необходимые для общения в социально-бытовой, социально-культурной, научно-популярной, учебной сферах жизни;
- формировать знания о единицах языка, правилах их сочетания, функционирования, навыках и умениях строить синтаксически правильные предложения в соответствии с нормами и правилами русского языка;
- формировать и развивать навыки логического мышления, направленные на анализ, синтез, оценивание, интерпретацию полученной информации с учетом возрастных особенностей учащихся;
- формировать навыки поискового, ознакомительного, исследовательского чтения, составления диалога и монолога по прочитанной информации;
- обогащать словарный запас учащихся коммуникативно-актуальной лексикой и фразеологией русского языка;
- формировать и развивать навыки использования информационно-коммуникационных и компьютерных технологий;
- формировать понимание ценностей культур казахского, русского и других народов.

Наращивание целей обучения из класса в класс на примере навыка **«Использование приемов слушания»** речевой деятельности **«Слушание»**:




The aims of the subject

- to develop learner`s English language skills, develop learner`s interest and self-confidence, and instill a positive attitude towards learning English;
- to develop learner`s ability to use English in daily exchanges and providing a sound basis for further study;
- to provide opportunities for learners to communicate effectively with different audiences;
- to develop learners who gain the A1 level of language skills through the varied tasks

Cross-curricular units	Topics
All about me	- Greetings and names - Colours - 1 - 20
My school	- Classroom objects - Initial letters - Classroom routines - Describing things
My family and friends	- Family and friends - In my house - Days of the week
The world around us	- Animals - Hot and cold - In Kazakhstan
Travel	- Getting to school - This is the way... - Where is it? - The big red bus
Traditions and folklore	Happy Birthday Springtime in Kazakhstan Hats and masks Story time
Food and drink	Things I like Hot or cold Animals like Nice or nasty
Health and body	Hands and Head Let's move Making a puppet A special dance

Learning objectives system demonstrates the progression within the each sub-strand allowing teachers to plan and assess. Sub-strands, when expressed as grade-related expectations, form the learning objectives for English as it is shown below on the example of the strand “Listening”



The study of English offers attitudinal, cultural, social and educational advantages for the individual and for society. Learning English can help learners to develop positive attitudes to other cultures as well as increase awareness of their own culture.

Learning English through modern, communicative methods provides opportunities for learners to develop interactive skills and to learn through interaction with others thus becoming good communicators. The learners who emerge proficient in English and with good communication skills will contribute positively to Kazakhstani society.

Developing respect for diversity of culture and opinion in English language programme. Being citizens of multinational Kazakhstan state learners respect diversity of cultures and opinion which requires personal, interpersonal and intercultural competences. Developing positive attitude to multicultural diversity will lead learners to effective and constructive participation in social and working life in various societies worldwide.

In the English programme this will include:

- learning, comparing and sharing prior knowledge about Kazakhstani, the traditional English-speaking countries` and other cultural contexts worldwide. This is important as English is used globally as a lingua franca by hundreds of millions of people in increasingly diverse settings;
- maintaining, respecting and supporting national and Kazakh cultural identity;
- ideas of patriotism, respect and tolerance of the representatives of diverse nations and cultures and traditions;
- drawing concepts and conclusions from a range of spoken and written genres which reflect the Kazakh culture and the cultures of the English speaking world;
- developing the ability and language to summarise different points of view on emotive topics without being biased or intolerant

Математиканы бастауыш оқыту сыни ойлауды дамытуға, бастапқы зерттеу және қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға, математикалық білімдерді өмірде қолдануды үйренуге жәрдемдеседі.

Бағдарламаның мақсаты

оқушыларға математикалық танымдардың және бастапқы математикалық білімдер мен дағдылар жүйесін қалыптастырудың негіздерін ұсыну. Бағдарлама кіші мектеп жасындағы оқушылардың логикалық және абстрактілі ойлауын қалыптастыруға, оларға математикаға қызығушылықты дарытуға, математиканы әлемді бейнелеу мен тану тәсілі ретінде қабылдауды дамытуға бағытталған.

Бөлімдер	Бөлімшелер
Сандар және шамалар	- натурал сандар және 0 саны. Бөлшектер; - сандармен операциялар; - шамалар және олардың өлшем бірліктері.
Алгебра элементтері	- сандық және әріптік өрнектер; - теңдіктер және теңсіздіктер. Теңдеулер.
Геометрия элементтері	- геометриялық пішіндер және олардың жіктелімі; - геометриялық пішіндерді бейнелеу және құру; - нүктелер координаттары және қозғалыс бағыты.
Жиындар. Логика элементтері	- жиындар және олармен операциялар; - пайымдаулар; - реттіліктер; - заттар комбинациялары.
Математикалық үлгілеу	- міндеттер және математикалық үлгі; - математикалық тіл.

«Математика» мәні бойынша **бағдарламаның міндеттері:**

- логикалық ойлауды, кеңістіктік елестетуді және математикалық терминдерді пайдалану біліктілігін дамыту;
- оқу және тәжірибелік проблемаларды шешу, арифметикалық алгоритмдерді пайдалану, геометриялық салулар мен математикалық зерттеулер жүргізу қабілеттерін дамыту;
- сын тұрғысынан ойлауды, шығармашылық қабілеттерді дамыту;
- математиканы әлемді суреттеу, модельдеу және түсіну тәсілі ретінде қабылдау;
- өзінің математикалық білімі мен біліктерін басқа пәндерді меңгеруде, күнделікті өмірде қалай пайдалану керектігін түсіну;
- білуге құштарлық, мақсаттылық, жауапкершілік, сенімділік және тәуелсіздік сияқты тұлғалық қасиеттерді дамыту;
- түсінудің, түсіндірудің, талдаудың, синтездің, жүйелеудің, қолданудың және суреттеудің когнитивтік дағдыларын дамыту;
- коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларын, топпен жұмыс істеу және өз көзқарасын білдіру, басқа адамдардың пікірін құрметтеу, көшбасшылық қасиеттерін көрсету, өз жұмысын жазбаша және ауызша түрде таныстыру дағдыларын дамыту;
- ақпаратты іздестіру және таңдау, өз уақытын басқару, өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға негізделген.

«Сандар және шамалар» бөлімінің «Сандармен операциялар» бөлімшесі үлгісінің негізінде сыныптан сыныпқа оқу мақсаттарының күрделенуі:

1-сынып

қосу әрекетін ортақ элементтері жоқ жиындарды біріктіру және азайтуды жиынның бір бөлігін алып тастау ретінде түсіну

2-сынып

көбейтуді бірдей қосылғыштарды қосу және бөлуді элементтер жиынын мазмұны бойынша бірдей бөліктерге бөлу түрінде түсіну

3-сынып

бөлшектер – бұл тұтастың бір немесе бірнеше бөліктері және екі натурал санның жекесі түрі екенін түсіну; санның квадратын екі бірдей көбейткіштер және санның кубын – үш бірдей көбейткіштер туындысы түрінде

4-сынып

бірдей бөлімдері бар бөлшектерді қосуды және азайтуды сәйкесінше сандарды қосу және азайту түрінде түсіну

Кіші мектеп оқушыларына жаратылыстану пәнін оқыту олардың табиғи білім құмарлығын дамытуға, әлем туралы дүниетанымын кеңейтуге, ғылыми түсінікті және қоршаған әлемді тұтас көруді дамытуға, қоршаған әлемді бағалау және күту ептілігіне жәрдемдеседі. Оқу бағдарламасы негізгі мектепте «Биология», «География», «Химия», «Физика» тәрізді пәндерді оқу үшін негіз қалыптастыруға, алынған білімдерді күнделікті өмірде (үйде, мектепте, табиғат әлемінде) байқалатын табиғи құбылыстар мен үдерістерді түсіндіру, сипаттау, болжау үшін қолдану ептілігін дамытуға арналған.

Бағдарламаның мақсаты

«Жаратылыстану» пәні негізгі мектептегі «Биология», «География», «Химия», «Физика» пәндерін зерделеу негізін қалауға, алған білімдерін күнделікті өмірде (үйде, мектепте, табиғат әлемінде) кездесетін табиғат құбылыстары мен үдерістерін түсіндіру, сипаттау, болжау үшін қолдану білігін дамытуға бағытталған.

Бөлімдер	Бөлімшелер
Мен зерттеушімі	- ғылым мен зерттеулердің рөлі; - табиғатты тану әдістері.
Тірі табиғат	- өсімдіктер; - жануарлар; - адам.
Заттар және олардың қасиеттері	- заттардың типтері; - ауа; - су; - табиғат ресурстары.
Жер және Ғарыш	- жер; - ғарыш; - кеңістік және уақыт.
Табиғат физикасы	- күш және қозғалыс; - жарық; - дыбыс; - жылу; - электр; - магнетизм.

«Жаратылыстану» пәні бойынша бағдарламаның міндеттері:

- әлемнің қазіргі заманғы жаратылыстану ғылымы тұрғысынан қалыптасқан бейнесі мен жаратылыстану ғылымдарының әдістері туралы білім негіздерін қалыптастыру; жаратылыстанудың техника мен технология дамуына елеулі ықпал еткен маңызды идеяларымен, жетістіктерімен таныстыру;
- қоршаған әлемнің құбылыстарын түсіндіру, БАҚ, интернет ресурстары, арнайы және ғылыми-көпшілік әдебиеттерден алынған жаратылыстану ғылымы тұрғысынан және өмірлік маңызды мазмұны бар ақпаратты қабылдау біліктіліктерін қалыптастыру;
- зияткерлік, шығармашылық қабілеттерді, сын тұрғысынан ойлау қабілетін қарапайым зерттеулер, құбылыстарды талдау, жаратылыстану ғылымдық ақпаратты қабылдау және түсіндіру барысында дамыту;
- табиғат заңдарын тану және жаратылыстану ғылымдарының жетістіктерін өркениеттің дамуы мен өмір сапасын жақсарту үшін пайдалану мүмкіндігіне сенімділікті тәрбиелеу;
- күнделікті өмірде тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, заманауи технологияларды сауатты пайдалану, денсаулық пен қоршаған ортаны қорғау үшін жаратылыстану ғылымдары бойынша білімдерін қолдану.

«Тірі табиғат» бөлімінің **«Өсімдіктер»** бөлімшесі үлгісінің негізінде сыныптан сыныпқа оқу мақсаттарының күрделенуі:



«Дүниетану» – адам, табиғат және қоғамның өзара әрекеттестігі мен өзара шарттастығы туралы білімдер жүйесін қалыптастыруға бағытталған кіріктірілген пән. Оқу объектілері – адам, табиғат, қоғам, соның ішінде отбасы, мәдениет, денсаулық, өзара қарым-қатынас, ұлт, қоғам, мемлекет, қоршаған табиғат ортасы және т.б.

Бағдарламаның мақсаты


оқушыларда ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар тұрғысынан адам, қоғам және табиғаттың өзара әрекеттестігі және өзара шарттастығы туралы білімдер жүйесін қалыптастыру

Бөлімдер	Бөлімшелер
Мен және қоғам	- мен және менің отбасым; - мектеп және мектеп қоғамдастығы; - менің шағын Отаным; - денсаулық және қауіпсіздік; - құқықтар мен міндеттер; - мерекелер.
Менің елімнің табиғаты	- жергілікті жерде бағдарлану; - ауа райы және климат; - табиғи жағдайлар және олардың мәні; - туризм.
Тарих ағынында	- көнер мәдениеттер және өркениеттер; - қазақстанның тарихи тамыры; - қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалар; - танымал тарихи тұлғалар және мәдениет қайраткерлері; - қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және отансүйгіштік.

«Дүниетану» пәні бойынша бағдарламаның міндеттері:

- оқушыларда қоғамның, табиғи құбылыстардың және объектілердің өзара байланысы және өзара тәуелділігі туралы түсінік қалыптастыру;
- оқушыларда табиғи, әлеуметтік және технологиялық ортада мінез-құлық нормаларын және қауіпсіздік ережелерін қалыптастыру;
- оқушыларда табиғи және әлеуметтік шындықты тану дағдыларының қалыптасуын қамтамасыз ету: бақылау, тәжірибе, сұрау және т.б.;
- оқушылардың танымдық әрекетінің дамуын қамтамасыз ету;
- оқушыларға қазіргі заманғы қазақстандық қоғамға тән ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесін дарыту;
- пәнді оқу арқылы оқушыларда қоршаған ортаға, қоғамның табиғи және мәдени құндылықтарына позитивті қатынасты қалыптастыру.

«Елімнің табиғаты» бөлімінің «Табиғи жағдайлар және олардың әсері» бөлімшесі үлгісінің негізінде сыныптан сыныпқа оқу мақсаттарының күрделенуі:



«Көркем еңбек» пәні шынайы болмысты эстетикалық қабылдауды және еңбекқорлыққа тәрбиелеуді, адамның қоршаған әлеммен өзара байланысы жайлы білімді қалыптастырудың бірден-бір құралы болып табылады.

«Көркем еңбек» пәні елестету мен бақылау қабілетін, кеңістікте тану және көзбен көріп қабылдау қабілетін қамтамасыз ететін, әр түрлі шығармашылық әрекет барысында, көркемдік-технологиялық білімдерді, қабілеттер және дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Түрлі материалдармен жұмыс істеу оқушылардың технологиялық ойлауын, көркем-эстетикалық талғамын, шығармашылық, есте сақтау қабілеттерін, кеңістіктік қиялын, фантазиясы мен қол моторикасын дамытуға, көзбен нақты мөлшерлеу қабілетін жетілдіруге себептеседі.

Бағдарламаның мақсаты

жеке тұлғаның қалыптасуы және өз ойын білдіруінің негізі ретінде, рухани-адамгершілік мәдениетін дамыту, шығармашылық, кеңістік - образдық ойлаудың, көркемдік - технологиялық білімнің негізін қалыптастыру

Бөлімдер	Бөлімшелер
Зерттеу және шығармашылық идеяларды дамыту	- қоршаған ортаны білу және түсіну; - тарихты, мәдениетті және салт-дәстүрлі білу және түсіну; - сезімдерді көрсету және шығармашылық идеяларды дамыту; - жоспарлау.
Шығармашылық жұмыстар құру және дайындау	- қоршаған әлемді бейнелеу; - материалдар және шығармашылық жұмыстарды орындау техникалары; - дайындау технологиясы; - қауіпсіздік техникасын сақтау.
Таныстыру, талдау және бағалау	- таныстыру; - өнердегі тәсілдерді талдау; - жұмысты талқылау және қорғау.

«Көркем еңбек» пәнінің міндеттері:

- әр түрлі кіріктіру іс-әрекеттері арқылы, пәндік білімдерді, дығдыларды және қабілеттерді дамыту;
- ұлттық және әлемдік көркем мәдениеті мен, өнер шығармаларымен таныстыру арқылы құндылық бағыттарын қалыптастыру;
- оқушылардың визуалды және эстетикалық қабылдауын, сыни ойлауын дамытуға, терминдер мен түсініктерді меңгеріп өнердің түрлері мен жанырлары жайлы білімді қолдану;
- бақылау, эксперимент жүргізу және көрсетілім жасау арқылы зерттеу дағдыларын дамыту;
- әр түрлі материалдар мен құралдарды қолдану арқылы шығармашылық жұмысты жасау дағдыларын меңгеру;
- өзін-өзі бағалауды жоғарлату және жағымды көзқарасты қалыптастыру;
- коммуникацияның бір тілі ретінде ұлттық және әлемдік мәдениет мұраларының мағынасын, сонымен қатар көркем еңбектің рөлін түсіну;
- өз жұмысын жасау үшін, әр түрлі ақпарат түрлерін (іздеу, жинау, сұрыптау) бағдарлау қабілетін дамытуға ықпал жасайтын, әр түрлі танымдық, коммуникативтік, ұйымдастырушылық және адамгершілік сипаттағы міндеттерді өздігімен шешу тәжірибелерін қалыптастыру;
- ұжымдық, топтық және жеке жұмыстарды орындау үдерісінде қолдың моторикасын, сенсорикалық, қиялдауы мен шығармашылығын, елестетуін және қабылдауын дамыту.

«Шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту» бөлімінің «Қоршаған әлемді білу және түсіну» бөлімшесі үлгісінің негізінде сыныптан сыныпқа оқу мақсаттарының күрделенуі:



«Дене шынықтыру» бағдарламасы оқушылардың бірқатар физикалық әрекеті бойынша, бір уақытта олардың ережелерді сақтау, жеке гигиена, психикалық саулық, тжәне салауатты өмір салты қағидаттары тәрізді аспектілерге қатысты тұтас дамуын жақсартып, білімдерінің, түсініктері мен дағдыларының дамуына жәрдемдесетін кезеңдік оқу жоспарын ұсынады.

Бағдарламаның мақсаты

оқушылардың дене мәдениетінің негіздерімен танысуы, атап айтқанда спорттық-бірегей қозғалыс дағдыларын және физикалық қабілеттерді меңгерумен қатар олардың дені сау физикалық дамуына жәрдемдесу

Бөлім	Бөлімше
Қозғалыс әрекеті	- тірек-қозғалыс аппараты туралы білім негіздері; - физикалық дамуға арналған жаттығулар кешені және оларды орындау реттілігі; - адамның қозғалыс ерекшеліктері; - ширату және қалпына келу техникасы; - қиындықтарды жеңу және қауіп-қатердің алдын алу.
Қозғалыс мәнмәтініндегі шығармашылық қабілеттер және әлеуметтік дағдылар	- қозғалыс әрекетіндегі рөлдер мен міндеттер; - топтағы көшбасшылық қасиеттер; - адал ойындағы тактикалар мен стратегиялар негіздері; - отансүйгіштік және рухани-адамгершілік құндылықтар;
Денсаулық және жақсы көңіл-күй	- денсаулықтың негізгі компоненттері; - физикалық белсенділік кезінде ағзадағы өзгерістер; - бұлшық еттердің әр түрлі қозғалыстарда жұмысы; - денсаулық профилактикасы және нығайту.

Осы мақсатты жүзеге асыру шеңберінде бастауыш мектеп оқушыларына арналған бұл бағдарлама келесі **міндеттерді** шешуге бағдарланады:

- физикалық және рухани саулық негізін қалайды, бұл тұлғаның жалпы әлеуметтік дағдыларын дамытуға оң ықпал етеді;
- оқушыларды өзінің физикалық және психологиялық денсаулығын түсінуге және нығайтуға ынталандырады;
- дене тәрбиесі және спорт саласында теориялық білімдердің және практикалық дағдылардың дамуына жәрдемдеседі;
- оқушылардың қозғалыс дағдыларын дамытады, әсіресе шыдамдылыққа, жылдамдыққа, күшке, ептілікке және икемділікке септеседі;
- өтансүйгіштік, құрмет сезімін, командалық жұмыс дағдыларын, жауапкершілік пен өзара түсіністікті тәрбиелейді;
- оқушыларды өмір бойына салауатты өмір салтын жүргізуге және алынған дағдыларды одан әрі қолдануға ынталандырады;
- оқушыларға білімдерін байыту және оларда жалпыадамзаттық мәдениеттің бір бөлігі ретінде дене шынықтыру туралы түсінік қалыптастыру мүмкіндігін береді.

«Бірқатар дене жаттығуларынжа ережелерді және құрылымдық амалдарды пайдалану, қолдану, құру» дағдысы (Шығармашылық қасиеттер және қозғалыс дағдылары арқылы сыни ойлау) үлгісінің негізінде сыныптан сыныпқа оқу мақсаттарының күрделенуі



«Музыка» пәні оқушыларда музыкаға адам өмірінің бір бөлігі ретінде құндылық қарым-қатынасты қалыптастыруға, негізгі музыкалық білімдерді, ептіліктерді және музыкалық қызмет түрлерін меңгеруге, музыкалық қызмет барысында шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсету және коммуникация ептіліктерін қалыптастыруға, ұлттық және жалпыадамзаттық мәдениет құндылықтарына адамгершілік-эстетикалық қарым-қатынасты тәрбиелеуге, музыкалық және шығармашылық қабілеттерді дамытуға бағытталған.

Бағдарламаның мақсаты

жеке тұлғаның қалыптасуы және өз ойын білдіруінің негізі ретінде, рухани-адамгершілік мәдениетін дамыту, шығармашылық, кеңістік - образдық ойлаудың, көркемдік - технологиялық білімнің негізін қалыптастыру.

Бөлімдер	Бөлімшелер
Музыканы тыңдау, талдау және орындау	- музыканы талдау және талдау - музыкалық сауаттылық - музыкалық орындаушылық әрекеті
Музыкалық- шығармашылық жұмыстар жасау	- шығармашылық идеяларды дамыту және материалдар жинау - шығару және суырып салу
Музыкалық- шығармашылық жұмысты таныстыру және бағалау	- оқушылардың музыкалық-шығармашылық жұмысын таныстыру және бағалау

Пәнді оқу міндеттері:

- әр түрлі кіріктіру іс-әрекеттері арқылы, пәндік білімдерді, дығдыларды және қабілеттерді дамыту;
- ұлттық және әлемдік көркем мәдениеті мен, өнер шығармаларымен таныстыру арқылы құндылық бағыттарын қалыптастыру;
- оқушылардың визуалды және эстетикалық қабылдауын, сыни ойлауын дамытуға, терминдер мен түсініктерді меңгеріп өнердің түрлері мен жанырлары жайлы білімді қолдану;
- бақылау, эксперимент жүргізу және көрсетілім жасау арқылы зерттеу дағдыларын дамыту;
- әр түрлі материалдар мен құралдарды қолдану арқылы шығармашылық жұмысты жасау дағдыларын меңгеру;
- өзін-өзі бағалауды жоғарлату және жағымды көзқарасты қалыптастыру;
- коммуникацияның бір тілі ретінде ұлттық және әлемдік мәдениет мұраларының мағынасын, сонымен қатар көркем еңбектің рөлін түсіну;
- өз жұмысын жасау үшін, әр түрлі ақпарат түрлерін (іздеу, жинау, сұрыптау) бағдарлау қабілетін дамытуға ықпал жасайтын, әр түрлі танымдық, коммуникативтік, ұйымдастырушылық және адамгершілік сипаттағы міндеттерді өздігімен шешу тәжірибелерін қалыптастыру;
- ұжымдық, топтық және жеке жұмыстарды орындау үдерісінде қолдың моторикасын, сенсорикалық, қиялдауы мен шығармашылығын, елестетуін және қабылдауын дамыту.

«Музыкалық-шығармашылық жұмыстар жасау» бөлімінің
«Шығармашылық идеяларды дамыту және материал жинау»
бөлімшесі үлгісінің негізінде сыныптан сыныпқа оқу мақсаттарының
күрделенуі

1-сынып

музыкалық тіркестерді
құрастыру үшін
идеялар ұсыну

2-сынып

музыкалық
тіркестерді
құрастыру және
суырып салу үшін
идеялар ұсыну

3-сынып

музыкалық мәнерлілік
құралдарын
пайдаланып,
құрастыру және
суырып салу үшін
идеялар ұсыну

4-сынып

музыкалық
мәнерлілік
құралдарын
пайдаланып,
құрастыру және
суырып салу үшін
идеяларды
жүйелендіру және
материалдар жинау

«АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР» 31

Ақпараттық технологиялар біздің күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналуға және бірте-бірте адам әрекетінің барлық салаларына енуде. Ақпараттық технологияларды пайдалану сандық нысанда ұсынылған әр түрлі ақпарат түрлерімен жұмыс үдерісін жеделдетеді және жеңілдетеді. Бастауыш сыныпта «АКТ» пәнін оқу білім беру үдерісін тиімді ұйымдастыру үшін қажетті негіз құрып, негізгі мектепте информатика негізгі курсын оқу үшін алғышартты қамтамасыз етеді.

Бағдарламаның мақсаты

оқушыларды оқу және күнделікті өмірде тиімді пайдалану үшін қазіргі заманға ақпараттық технологиялармен жұмыс бойынша негізгі білімдермен, ептіліктермен және дағдылармен қамтамасыз ету

Бөлімдер	Бөлімшелер
Компьютер деген не?	- компьютердің құрылысы; - бағдарламалық қамсыздандыру; - қауіпсіздік техникасы.
Ақпаратты ұсыну және өңдеу	- мәтіндер; - графика; - таныстырулар; - мультимедиа.
Интернет желісінде жұмыс	- ақпарат іздеу; - ақпаратпен алмасу; - интернет желісіндегі қауіпсіздік.

«Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәні бойынша оқу бағдарламасының міндеттері:

- оқушыларға компьютер, заманауи сандық құрылғылар және олардың қоғам өміріндегі рөлі туралы бастапқы мәліметтер ұсыну;
- оқушыларда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланумен ақпаратты іздеу, жинау, өңдеу, сақтау және әр түрлі формаларда беру дағдыларын қалыптастыру;
- оқушылардың әр түрлі бағдарламалық қосымшаларды пайдаланып, өз идеяларын ұсыну мүмкіндігіне жәрдемдесу;
- қарым-қатынас жасау, ақпаратпен алмасу және ынтымақтастық үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануға септесу;
- оқушыларға компьютермен қауіпсіз жұмыс жасау ережелерін және авторлық құқықтарға құрметті дарыту.

«Компьютер деген не?» бөлімінің «Бағдарламалық қамсыздандыру» бөлімшесі үлгісінің негізінде сыныптан сыныпқа оқу мақсаттарының күрделенуі:

3-сынып

4 класс

қолданбалық бағдарламаларда файлдарды ашу және сақтау командаларын пайдалану; файлдар және бумалар

файлдарды және бумаларды құру, көшіру, орын ауыстыру және жою; өз жұмысында контекстік мәзірді пайдалану

Оқу бағдарламаларын жүзеге асыруда қолданылатын құжаттар

32

Оқу бағдарламасын жүзеге асыру тәсілдері орта мерзімді жоспарларда және сабақ жоспарының үлгісінде көрініс табады.

Ұзақ мерзімді жоспардың әрбір бөлімі үшін орта мерзімді жоспарлар әзірленген. Орта мерзімді жоспарда бөлімде қамтылған оқу мақсаттары көрсетіліп, оқыту әдіс-тәсілдерінің және оқу ресурстарының кейбір мысалдары ұсынылады.

Орта мерзімді жоспардың негізінде мұғалімдер қысқа мерзімді жоспарлар әзірлейді. Қысқа мерзімді жоспар – оқу мақсаттарын, тілдік мақсаттарды, саралауды, пәнаралық байланысты, мұғалімнің рефлексиялық практикасын қамтитын сабақ жоспары.

